Әділет

# Көксу ауданы әкімінің 2003 жылғы 24 маусымдағы "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы" N 6-276 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Көксу ауданы әкімінің 2003 жылғы 7 тамыздағы N 8-300 шешімі. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 11 тамызда N 1284 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімінің 2011 жылғы 12 қаңтардағы N 01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімінің 2011.01.12 N 01 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағы 17-тармақшасына Қазақстан Республикасы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес, Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының дербес құрамындағы өзгерістерге байланысты, аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көксу ауданы әкімінің 2003 жылғы 24 маусымдағы "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы" N 6-276 шешіміне (Облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 25 маусымда N 1229 болып реестрде тіркелген, 2003 жылы 11 шілде N 28, "Көксу таңы" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамынан Есмұрзанов Әділғазы Уахитұлы - ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы шығарылсын;

2) Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамына Әбділданов Қанат Таңжарықұлы - туризм және спорт жөніндегі бас маманы, комиссия хатшысы;

Әбдірахманова Жаннат Тұрысбекқызы - ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бастығы;

Кәлпебаев Алтай Мұратұлы - аудан әкімі аппаратының бас маман - заңгері міндетін атқарушы комиссия мүшелері болып енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Қайнарбековке жүктелсін.

*Аудан әкімінің*

*міндетін атқарушы*

*Аудан әкімінің орынбасары*
*Аппараттың басшысы*

*Аппараттың заңгері міндетін атқарушы*

*Жалпы бөлімінің бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК